

«ПМХЗ» ЖШС-нің 2024 жылғы 01 наурыздан 2025 жылғы 28 ақпанға дейінгі есептік кезең үшін жылу және электр энергиясын беру және тарату қызметтерін, сондай-ақ 2024 жылға арналған коммуналдық қызметтерді көрсету қызметі туралы тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы есебі

2025 жылғы 28 наурызда «ПМХЗ» ЖШС ресми сайтында 2024 жылғы 01 наурыздан 2025 жылғы 28 ақпанға дейінгі есептік кезең үшін тұтынушы кәсіпорындар мен мүдделі адамдар алдында жылу және электр энергиясын беру бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ 2024 жылғы коммуналдық қызметтерді ұсыну қызметі туралы есептің көпшілік тыңдауы 2025 жылғы 24 сәуірде өткізілетіні туралы хабарландыру жарияланды.

«ПМХЗ» ЖШС Қазақстанның ірі мұнай өңдеу кәсіпорындарының бірі және шамамен 89% мұнай өңдеу тереңдігін қамтамасыз ететін технологиялық қондырғылар жинақталған Қазақстандағы жалғыз мұнай өңдеу зауыты болып табылады. Зауыттың өндірістік қуаты жылына 6 млн. тонна шикі мұнайды құрайды.

Зауытта әртүрлі маркалы автобензинді, реактивті қозғалтқыштарға арналған отынды, дизель отынын, вакуумдық газойльді, сұйылтылған газдарды, мазутты, мұнай битумдарын, мұнай коксін, күкіртті қамтитын өнімдердің кең ассортименті бар.

«ПМХЗ» ЖШС Павлодар облысы бойынша табиғи монополиялар субъектілерінің мынадай қызмет түрлері бойынша мемлекеттік тіркеліміне енгізілді:

- сумен жабдықтау және су бұру қызметтері (тарату желілері бойынша ауыз және техникалық су беру, ағынды суды бұру);
- электр энергиясын беру және тарату қызметтері;
- жылу энергиясын беру және тарату қызметтері;

2024 жылдың қорытындылары бойынша «ПМХЗ» ЖШС сумен жабдықтау және су бұру қызметтері бойынша қуаты аз табиғи монополиялар субъектісі болып табылатындығына байланысты тұтынушылар алдындағы есеп Қазақстан Республикасы «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 25-26-баптарымен реттеленетін табиғи монополиялар субъектісі ретінде «ПМХЗ» ЖШС міндеттерін орындау мақсатында электр және жылу энергиясын беру қызметтері бойынша өткізіледі. Осы есеп, бекітілген тарифтік сметалардың, инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы ақпарат кәсіпорынның сайтында орналастырылды.

Табиғи монополиялар субъектісі ретінде «ПМХЗ» ЖШС бекітілген инвестициялық бағдарламаларының орындалуы туралы ақпарат

Павлодар облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы және ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Павлодар облысы бойынша Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау департаменті қосалқы тұтынушыларды жылумен және электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру мақсатында 2021 жылғы 27-28 қазандағы № 92-НҚ,

12-15 қарашадағы №98-НҚ бұйрықтармен «ПМХЗ» ЖШС-нің 2022 жылғы 01 қаңтардан 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге жылу және электр энергиясын беру және тарату жөніндегі қызметтерге қатысты екі инвестициялық бағдарламасы бекітілді.

Бекітілген инвестициялық бағдарламаларға қосалқы тұтынушылардың реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша мүдделерін қозғайтын «ПМХЗ» ЖШС іс-шаралары ғана енгізілген. Инвестициялық салымдардың тарифке әсері шығындарды өзіндік тұтыну мен қосалқы тұтынушылардың көлемдеріне тепе-тең бөлуді ескере отырып, амортизациялық аударымдармен шектеледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы № 73 бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларының» «Табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштерін бекіту тәртібі» 10-тараудың 323-бабына, «Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін бекіту тәртібі»

13-тараудың 367-бабына сәйкес тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып, тарифтерді бекіту кезінде табиғи монополиялар субъектілері үшін қызмет тиімділігінің көрсеткіштері бекітіледі.

Табиғи монополиялар субъектісі ретінде «Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС тарифтері табиғи монополиялар салаларын тарифтік реттеудің шығындық әдісін қолданып бекітілгеніне байланысты «Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС үшін реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігінің көрсеткіштерін, мақсатты және басқа да көрсеткіштерді уәкілетті орган бекіткен жоқ.

Жылу энергиясын беру қызметіне қатысты бекітілген Инвестициялық бағдарламаның орындалу барысы туралы ақпарат

2024 жылғы бекітілген инвестициялық бағдарламада ҚҚС қоспағанда 34 650 мың теңге сомасына (5 922 мың теңге тариф есебінен, 28 728 мың теңге басқа қызмет есебінен) жылу алмасу аппаратын ауыстыру бойынша іс-шара жоспарланды.

2024 жылғы 29 қаңтарда төмендетуге бағытталған ашық тендер тәсілімен өнім беруші – «Северхиммаш» ЖШС айқындалды, онымен 08 ақпанда 27 647,4 мың теңге сомасына (ҚҚС-ны қоспағанда) жылу алмасу аппаратын жеткізуге № 939053/2024/1 шарт (бұдан әрі – Шарт) жасалды. Шарттың 2.4 тармағына сәйкес 2024 жылғы 19 ақпанда «ПМХЗ» ЖШС шарт сомасының 30% мөлшерінде берілген шот бойынша 8 294,2 мың теңге (ҚҚС-ны қоспағанда) төледі.

Шарттың 1-қосымшасына сәйкес жылу алмастырғыш Шартқа қол қойылған күннен бастап 210 күнтізбелік күн ішінде жеткізілуі тиіс. Шартқа 2024 жылғы 08 ақпанда қол қойылғанын ескере отырып, өнім беруші сапалы тауарды 2024 жылғы 05 қыркүйекке дейін жеткізуге міндетті болды, дегенмен осы уақытқа дейін жабдық жеткізілмеді.

2024 жылғы 07 қарашада «ПМХЗ» ЖШС өнім берушіге № 04-05-01/6224 тауарды жеткізу мерзімін бұзуға және ресми хатпен тауарды жеткізу мерзімін және Шарт талаптарын бұзу себептерін жіберуге қатысты хат жіберді.

2024 жылғы 08 қарашадағы хатпен «Северхиммаш» ЖШС тауарды 2024 жылдың соңына дейін жеткізуге міндеттеме білдірді. 2024 жылғы 04 желтоқсандағы хатпен өнім беруші жеткізу мерзімін 2025 жылғы қаңтарға өзгертті.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты, инвестициялық бағдарламамен бекітілген жылу алмастырғышты ауыстырудың 2024 жылғы іс-шарасын «ПМХЗ» ЖШС, жылу энергиясын беру қызметінің табиғи монополиялар субъектісі ретінде субъектіге тәуелсіз себептер бойынша орындамады.

«Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті» РММ-ні 2025 жылғы 19 ақпандағы №11-НҚ және «Павлодар облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ-нің 2025 жылғы 19 ақпандағы №6-НҚ бірлескен бұйрықтарымен 2022-2026 жылдар кезеңіне жылу энергиясын беруге бекітілген инвестициялық бағдарламаға өзгерістер енгізілді, бұл ретте Т2/1 жылу алмастырғышын ауыстыру іс-шарасы 2024 жылдан 2025 жылға субъектіге байланысты емес себептер бойынша ауыстырылды. Нәтижесінде 2025 жылға 2 бірлікті, атап айтқанда Т2/1 жылу алмастырғышын, Е-1 сыйымды ыдысын ауыстыру жоспарланды.

Электр энергиясын беру және тарату қызметіне бекітілген Инвестициялық бағдарламаның орындалу барысы туралы ақпарат

«ПМХЗ» ЖШС-нің электр энергиясын беру және тарату бойынша бекітілген инвестициялық бағдарламасына сәйкес 2024 жылы ҚҚС-ты қоспағанда 2 648 мың теңге сомасына РУ-6кВ РП-080 №14 ұяшығының май ажыратқышын RSW-10/1 тарату құрылғысына бейімдеу жинағы бар ВВ/TEL вакуумдық ажыратқышына ауыстыру көзделді.

Бағалау және салыстыру қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушіні тендер жеңімпазы деп айқындау туралы № 924961 хаттаманың негізінде 2024 жылғы 17 желтоқсандағы төмендетуге бағытталған ашық тендер тәсілімен «Таврида Электрик Астана» ЖШС жеңімпаз болып анықталды, RSW-10/I шкафтарына арналған бейімдеу жинағы бар ВВ/TEL-10 вакуумдық ажыратқышын ҚҚС-ны қоспағанда 3 172 274,7 теңге сомасына жеткізуге 2024 жылғы 19 желтоқсандағы № 924961/2024/2 электрондық шарт жасалды.

2024 жылғы 23 желтоқсандағы № 111000618 ш/ф және 2024 жылғы 27 желтоқсандағы № 12839 кіріс бақылау актісіне сәйкес құны 3 172 274,7 теңге (ҚҚС-ны қоспағанда) вакуумдық жүктеме ажыратқышы жеткізілді.

2025 жылғы 13 қаңтардан 2025 жылғы 16 қаңтарға дейінгі аралықта ЖТ № 1885772 жұмыс тапсырмасы бойынша «ПМХЗ» ЖШС Электрмен жабдықтау цехы РУ-6кВ РП-080 №16 ұяшығының май ажыратқышын «НПОТЭЛ» АҚ дайындаушы зауыты 2024 жылғы 26 қазанда әзірлеген, Йошкар-Ола қ., РФ, сериялық нөмірі 3101042 RSW-10/1 шкафтарына арналған бейімдеу жинағы бар ВВ/TEL-10 1000А вакуумдық ажыратқышқа ауыстыру бойынша жұмыстарды орындады. 293,5 мың теңге сомасына ВВ/TEL-10 1000А вакуумдық ажыратқышын монтаждау, баптау және сынау орындалды (2025 жылғы 22 қаңтардағы 38 есептен шығару актісі, 2025 жылғы 31 қаңтардағы 332

бухгалтерлік анықтама). Монтаждау-реттеу жұмыстарын ескере отырып, ажыратқыштың құны ҚҚС-ны қоспағанда 3 465, 8 мың теңгені құрады (2025 жылғы 05 ақпандағы ДА-1 №97).

Жұмыстар Қазақстан Республикасының ЭОҚ талаптарына және Өндірушінің нұсқаулығына сәйкес орындалды. RSW-10/1 шкафтарына арналған бейімдеу жинағы бар BV/TEL-10 1000A вакуумдық ажыратқышы пайдалануға берілді.

Оқшаулағыштардың диэлектрлік қасиеттерінің жоғалуына, қозғалмалы бөлшектердің механикалық тозуына, жөндеуге арналған қосалқы бөлшектердің болмауына байланысты РҮ-6 кв РП-080 май ажыратқыштарының бірі вакуумдық ажыратқышқа ауыстырылды, ол 2025 жылғы 17 қаңтарда пайдалануға берілді, түгендеу нөмірі 00278456 (2025 жылғы 05 ақпандағы №97 ұзақ мерзімді активтерді қабылдау-тапсыру актісі қоса беріледі).

2024 жылға арналған бекітілген тарифтік сметада «ПМХЗ» ЖШС инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру көзі ретінде:

670 мың теңге мөлшерінде амортизациялық аударымдар;

1 978 мың теңге мөлшерінде реттеліп көрсетілетін қызметтерді өткізуден түскен пайда бекітілді.

ЖИЫНЫ: 2 648 мың теңге.

2024 жылы электр энергиясын беру және тарату жөніндегі қызметке тарифтік сметада нақты қалыптасқан шығындарға сәйкес шығындарды өзіндік тұтыну мен қосалқы тұтынушылардың көлемдеріне тепе-тең бөлуді (кВтс) ескере отырып, 1 751,7 мың теңге мөлшеріндегі амортизациялық аударымдар инвестициялық жобаны қаржыландыру көзі болып табылады.

Амортизациялық аударымдардың сомасы көрсетілген қызметтердің нақты көлемін ескере отырып, электр энергиясын беру және тарату жөніндегі қызметті көрсетуге тартылған негізгі қаражаттан 82 042,349 мың кВтсағ. Көрсетілген қызметтердің нақты көлемін ескере отырып немесе тарифтік сметада бекітілгендермен салыстырғанда 11,8%-ға кем амортизациялық аударымдар негізінде есептелді. 2024 жылдың қорытындылары бойынша кәсіпорын реттелетін қызмет көрсетуден пайда алған жоқ.

2024 жылы инвестициялық бағдарлама толық орындалды. Сатып алынған жабдық құнының амортизациялық аударымдар сомасынан 817,8 мың теңгеге ұлғаюы тарифтің өсуіне алып келген жоқ, өйткені кәсіпорынның нақты шеккен шығындары мен бекітілген тарифтік сметадағы шығындар арасындағы айырманы «ПМХЗ» ЖШС негізгі реттелмейтін қызмет есебінен (1751,7 мың теңге – амортизациялық аударымдар есебінен және 1714,1 мың теңге – өзге қызмет есебінен) жүзеге асырды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы № 73 бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларының Техникалық сараптама жүргізу тәртібінің 3-параграфына сәйкес бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуын, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуын және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуді техникалық сараптауды уәкілетті орган (сараптамашы, сараптама ұйымы) «DB Energoaudit» ЖШС 2025 жылғы 25

ақпандағы № 1077845/2025/1 электрондық шарт негізінде жүргізді. Электр энергиясын беру және тарату қызметіне инвестициялық бағдарламаның орындалуын техникалық сараптау қорытындысы алынды.

Осылайша 2024 жылға арналған бекітілген инвестициялық бағдарлама орындалды – жоспарланған жабдық сатып алынды және пайдаланылады. Вакуумдық ажыратқыш коммутациялық модульден, басқару модулінен тұрады және үш фазалы ауыспалы тоқ желілеріндегі қалыпты және авариялық режимдер кезінде электр тізбектерін коммутациялауға арналған.

2019 жылғы 13 тамыздағы № 73 «Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларының» 5-қосымшасына сәйкес «ПМХЗ» ЖШС табиғи монополиялар субъектісі ретінде 2024 жылғы 1,2,3,4 тоқсандардағы бекітілген инвестициялық бағдарламаларының орындалуы туралы есептер кәсіпорынның сайтында орналастырылған.

Бекітілген тарифтік сметаларды баптар бойынша орындауға көшейік.
Жылу энергиясын беру және тарату қызметтеріне тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті толығырақ қарастырайық.

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Өлше м бірлігі	Бекітілген тарифтік смета	Есептік кезеңнің нақты деректері	Ауытқу, %	Ауытқу себептері
I	Тауарларды өндіруге және қызметтерді көрсетуге кеткен шығындар, барлығы	мың теңге	62 206,7	140 741,5	126,2	БТС-да қаражаттың жетіспеуі
1	Амортизация	-"	2 985,0	6 733	125,6	БТС-да қаражаттың жетіспеуі
2	Өндірістік персоналдың еңбегіне ақы төлеуге кеткен шығындар	-"	34 978,3	40 113,8	14,7	БТС түзетуге байланысты: 2024-2025 жылдарда жүзеге асырылмайтын қызметтің құнын ауыстыру
	соның ішінде					
2.1.	Өндірістік персоналдың еңбекақысы	-"	30 992,6	35 542,9	14,7	
2.2.	Әлеуметтік салық	-"	1 614,7	1 851,8	14,7	
2.3.	Әлеуметтік аударымдар	-"	976,3	1119,6	14,7	
2.4.	МӘМС	-"	929,8	1 066,3	14,7	
2.5.	ЖМЗЖ	-"	464,9	533,1	14,7	
3	Басқа шығыстар, барлығы	-"	160,6	184,2	14,7	БТС-да қаражаттың жетіспеуі
	соның ішінде					
3.1.	күзет қызметтері	-"	14,0	26,8	91,4	БТС-да қаражаттың жетіспеуі
3.2.	өртке қарсы қорғау қызметтері	-"	23,1	33,9	46,8	БТС-да қаражаттың жетіспеуі
3.3.	инвестициялық бағдарламаның орындалуын техникалық сараптау қызметтері	-"	123,5	123,5	-	
II	Кезең шығыстары, барлығы	-"	110,7	255,6	130,9	БТС-да қаражаттың жетіспеуі
4	Жалпы және әкімшілік, барлығы, соның ішінде	-"	110,7	255,6	130,9	

4.1.	ақпараттық қызметтер	-"	110,7	255,6	130,9	
III	Қызмет көрсетуге жұмсалған барлық шығындар	-"	62 317,4	140 997,1	126,3	БТС-да қаражаттың жетіспеуі
IV	Кіріс (АРБ*ПС)/ залал	-"	2 937,0	-86 495	-3 045	
V	Барлық кіріс	-"	65 254,4	54 502,1	-16,5	Көлемдердің кемуі
VI	Көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемі	мың Гкал	335,1765	279,943	-16,5	Көлемдердің кемуі
VII	Бу беру кезіндегі нормативтік техникалық ысыраптар	%	1,4	4,1	196	БТС-да қаражаттың жетіспеуі, Будағы жылу энергиясына тарифтердің өсуі
		мың Гкал	3,82	10,713	180,4	
		мың теңге	21 439,3	90 551,0	322,4	
	Жылыту суын беру кезіндегі нормативтік техникалық ысыраптар	%	6,0	6,1	2	Ыстық судағы жылу энергиясына тарифтердің өсуі
		мың Гкал	1,1766	1,313	11,6	
		мың теңге	2 643,5	3 159,5	19,5	
VIII	Тариф	теңге/ Гкал	194,69	194,69		
IX	Қызмет көрсетуге жұмсалған шығындар	теңге/ Гкал	194,69	503,66	158,7	БТС-да қаражаттың жетіспеуі

Есептік жылға жылу энергиясын беру және тарату қызметіне бекітілген тарифтік смета 62 317,4 мың теңгені құрайды. Нақты шығындардың жалпы сомасы – 140 997,1 мың теңге.

Бұл жағдай бұрын бекітілген тарифтік сметада шығыстары «ENERGY SERVICE-PVL» ЖШС-мен шарт бойынша жүзеге асырылған «Жылу желілері мен құбырларға техникалық қызмет көрсету және ұстау қызметі» бабының болуымен байланысты еді. Аталған компания «ПМХЗ» ЖШС-ге жоғарыда аталған қызметтерді ұсына отырып, желілерге қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау үшін қолданылатын қажетті материалдарды, бұйымдарды сатып алуды, өз жұмыскерлері үшін арнайы киімдер мен еңбекті қорғау материалдарын сатып алуды дербес жүзеге асырды, сондай-ақ өзге де қажетті еңбек жағдайларын қамтамасыз етті.

2023 жылғы 30 маусымда «ENERGY SERVICE-PVL» ЖШС-мен және «ПМХЗ» ЖШС-мен жасалған №548518/2021/1 шарт №548518/2023/1-4 бұзу туралы келісіммен бұзылды және магистральдық, жергілікті құбырларға және басқа да жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және күтіп ұстау қызметтерін 2023 жылғы шілдеден бастап бөгде ұйым жүзеге асырмады. Осылайша 2024 жылы осы бап бойынша шығындар жоқ.

Қазақстан Республикасының экономикасын монополиясыздандыру жөніндегі комиссияның 2023 жылғы 22 ақпандағы тапсырмасын және ҚМГ ҰК АҚ тапсырмасын орындау мақсатында 2023 жылғы 01 шілдеден бастап бұрын «ENERGY SERVICE-PVL» ЖШС құрылымына кірген «Бумен және ауамен жабдықтау» цехы «Жылумен жабдықтау» учаскесімен бірге 2023 жылғы 04 шілдедегі «ПМХЗ» ЖШС штаттық кестесін қолданысқа енгізу туралы» № 484-Ө негізгі қызмет бойынша бұйрығына сәйкес зауыт құрылымына енгізілді.

Цехты «ПМХЗ» ЖШС құрылымына енгізу және зауыт жұмыскерлерінің магистральдық, жергілікті құбырларға және басқа да жабдықтарға қызмет көрсету және күтіп ұстау жөніндегі функцияларды орындауы аударымдарымен бірге жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеуге (жалақы, әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар, МӘМС, ЖМЗЖ) қатысты шығындарға әкелді, осыған байланысты «ПМХЗ» ЖШС уәкілетті органға 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 33-тармағына сәйкес (ол бойынша тарифті арттырмай БТС-ны өзгертуге қатысты 2024 жылғы 22 қарашадағы №96-НҚ бұйрық бекітілген) тарифті арттырмай, тарифтік сметаны өзгертуге өтініш жібереді.

1 Гкал жылу энергиясын көрсетуге қосалқы тұтынушылар үшін нақты шығындар 503,66 теңге/Гкал құрады, ал бекітілгені 194,69 теңге/Гкал (өсім 158,7%) еді.

«ПМХЗ» ЖШС-нің қызметтерді тұтынушылар арасындағы шығыстары (өзіндік тұтыну және қосалқы тұтынушылар) қызметтерді тұтыну көлемдеріне тепе-тең бөлінеді.

Тарифтік сметаның орындалуы туралы есепке сәйкес шығыстардың артық жұмсалымы «Амортизация», «Ақпараттық қызметтер», «Күзет қызметтері», «Бу беру кезіндегі нормативтік техникалық шығындар» баптары бойынша орын алды. Бұл осы қызметтер құнының өсуіне байланысты болды.

«Амортизация» шығыстар бабы - бекітілген тарифтік сметада 2 985 мың теңге, нақты амортизациялық аударымдар – 6 733 мың теңге. Амортизациялық аударымдардың сомасы өз тұтынуы мен қосалқы тұтынушылардың көлемдеріне тепе-тең шығындарды бөлуді есепке ала отырып, жылу энергиясын беру және тарату қызметін көрсетуге тартылған негізгі құралдар құнынан амортизациялық аударымдар үлесі ретінде есептеледі.

Нақты амортизациялық аударымдар инвестициялық бағдарлама жобасын қаржыландыру көзі болып табылады.

ИБ іс-шарасының орындалуын бекітілген 2025 жылға ауыстыруды ескере отырып, осы амортизациялық аударымдар оны 2025 жылы орындауға бағытталады. 2024 жылдың қорытындылары бойынша кәсіпорын табиғи монополиялар қызметтерін көрсетуден пайда алған жоқ. 2 агрегатты ауыстыруға арналған инвестициялық салымдардың көзі ретінде меншік қажеттіліктеріне және қосалқы тұтынушыларға шығындарды бөлуді ескере отырып, 2025 жылға арналған тарифтік сметаға салынған жылу энергиясын беруге нақты амортизациялық аударымдар жеткіліксіз болғандықтан, «ПМХЗ» ЖШС-нің өзге де қызметі және 2024 жылғы тарифтік сметада қалыптасқан 6 733 мың теңге сомасындағы амортизация қаржыландыру көзі болады.

Есептік кезеңдегі амортизациялық аударымдар екі өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын (жылу алмастырғыштар) жүргізу, құбырларды күрделі жөндеу, сонымен қатар жылу энергиясын беру қызметін көрсетуге тартылған «ПМХЗ» ЖШС-нің технологиялық және қосалқы жабдықтарын жүргізу көзі ретінде де пайдаланылды. Есепке қабылдауды растайтын барлық құжаттар (ДА-1, ДА-5, шарттар, ОЖА, ЭШФ, жүкқұжаттар) есепке «Монополист» базасында ұсынылды.

«Еңбекақы төлеуге кеткен шығыстар»

«Өндірістік персоналдың еңбекақысы. Тарифтік сметада бекітілген сома 30 992,6 мың теңгені, нақты сомасы - 35 542,9 мың теңгені құрайды. Ауытқу – 14,7%.

Әлеуметтік салық. Есеп айырысу ҚР Салық Кодексінің 485-бабының негізінде 9,5% мөлшерлемесі бойынша жүргізілді және бекітілген тарифтік сметада 1 614,7 мың теңгені құрайды. Нақты шығындар 1 851,8 мың теңгені құрады. Ауытқу – 14,7%.

Әлеуметтік аударымдар. Осы бап бойынша есеп айырысу Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII Әлеуметтік Кодексінің 244 және 245-баптары негізінде 3,5% мөлшерлемесі бойынша жүргізіледі және 976,3 мың теңгені құрайды. Нақты шығындар 1 119,6 мың теңгені құрады. Ауытқу – 14,7%.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар. Жұмыс берушілердің төлеуге жататын аударымдарының мөлшері «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы № 405-V ҚР Заңының 27-бабы негізінде есептеледі және аударымдарды есептеу объектісінің 3%-ын құрайды (өндірістік персоналдың жалақысы – жұмыскердің табысы). Осы бап бойынша сома 929,8 мың теңге мөлшерінде бекітілді, нақты шығыстар 1 066,3 мың теңгені, ауытқу 14,7% құрады.

Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары. Осы бап бойынша есеп айырысу Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII Әлеуметтік Кодексінің 248 және 251-баптарының негізінде 1,5% мөлшерлемесі бойынша жүргізіледі және 464,9 мың теңге мөлшерінде бекітілді. Нақты шығыстар 533,1 мың теңгені құрады. Ауытқу – 14,7%.

Осы баптағы ауытқулар түзетілім бұрын бекітілген «Жылу желілері мен құбырларға техникалық қызмет көрсету және ұстау қызметі» шығыстар бабының 34 978,3 сомасына жүргізілгендігімен байланысты.

«Басқа шығыстар» мынадай қызметтермен ұсынылды:

«Күзет қызметтері» - есептік кезеңде 91,4%-ға артық шығын орын алды. БТС-дағы құн 2021 жылы бекітілді және келесі жылдары күзет қызметтерінің құны өсті.

«Өртке қарсы қорғау қызметтері» бекітілген тарифтік сметада 23,1 мың теңге, нақты – 33,9 мың теңге (өсім 46,8%). Негіздемесі алдыңғы баптағы сияқты.

«ПМХЗ» ЖШС зауытқа қызмет көрсететін басқа ұйымдар орналасқан аумақтың меншік иесі болып табылады, сондай-ақ негізгі құралдардың – жылу энергиясын беру және тарату бойынша қызмет көрсетуге тартылған жылжымалы және жылжымайтын мүліктің меншік иесі болып табылады, осыған байланысты объектілер мен мүлікті күзету бойынша шығындарды көтереді. «ПМХЗ» ЖШС «Күзет-Павлодар» ЖШС-мен қорғалатын аумақтағы объектілер мен мүлікті күзету қызметтеріне қатысты шарттық қатынастарда және «Өрт Сөндіруші» АҚ-мен «ПМХЗ» ЖШС объектілерінде өрттерді сөндіру, аварияларды жою, авариялық құтқару және газдан құтқару жұмыстарын жүргізу бойынша жұмыстардың алдын алу және жүргізу бойынша қызметтер көрсетуге шарттық қатынастары бар.

«Өртке қарсы қорғау қызметтері» және **«күзет қызметтері»** баптары бойынша шығыстар зауыттың (барлығы 443,3758 Га, жер учаскесіне жеке меншік

құқығын беретін акті, жер пайдалану құқығының №26612) және жылу энергиясын беру және тарату қызметтерін көрсететін учаскенің (0,056277 Га) алып жатқан алаңына тепе-тең бөлінеді, бұдан әрі шығыстар қосалқы тұтынушылар мен зауыттың қызметті тұтыну көлемі бойынша бөлінеді.

Инвестициялық бағдарламаның орындалуын техникалық сараптау қызметтеріне шығындар бабы. Бекітілген және нақты шығыстар 123,5 мың теңгені құрады (тендерлік рәсімдерді өткізу қорытындылары бойынша шарт бойынша нақты). Осы бапқа сәйкес түзету жасалды.

«Нормативтік шығындар» бабы бойынша шығыстар тұтынылатын жылу энергиясы көлемінің ысыраптар пайызы негізінде есептелген. Қосалқы тұтынушыларға жылу энергиясын беру және тарату бойынша қызмет көрсету кезінде бу (12 және 40 ата) және ыстық су бойынша да ысыраптары орын алады.

Уәкілетті орган тарифтік сметадағы өзгерістерді бекіткен кезде будағы ысыраптардың шығыны 1,4%-ды, сомамен алғанда 21 439,3 мың теңгені және жылыту суындағы ысыраптар 6,0%-ды, сомамен алғанда 2 643,5 мың теңгені құрады.

«Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС-нің будағы жылу энергиясын беру және тарату қызметіне нақты техникалық ысыраптары 1 Гкал үшін 4,1%-ды құрайды, бұл 10,713 мың Гкал немесе 90 551 мың теңге, ал бұл 6,893 мың Гкал (69 111,7 мың теңге) немесе бекітілген тарифтік сметада көрсетілгеннен 180,4% (322,4%)-ға артық.

«Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС-нің ыстық судағы жылу энергиясын беру және тарату қызметіне нақты техникалық ысыраптары есептік кезеңдегі нақты ысыраптар есебіне сәйкес 1 Гкал үшін 6,1%-ды немесе 3 159,5 мың теңге сомасына 1,313 мың Гкалды құрайды, ал бұл 516,05 мың теңгеге немесе 19,5% артық.

«Кезең шығыстары» - «Ақпараттық қызметтер» шығындар бабы бойынша бекітілген тарифтік сметадағы сома – 110,7 мың теңге, нақты шығыстар – 255,6 мың теңге, өсім 130,9% (БТС-да қаражаттың жетіспеуі).

Есептік кезеңнің қорытындылары бойынша кәсіпорын реттеліп көрсетілетін қызмет бойынша пайда алған жоқ.

2024 жылғы 01 наурыздан 2025 жылғы 28 ақпанға дейінгі кезеңде жылу энергиясын беру бойынша көрсетілген қызметтердің нақты өзіндік құнының 194,69 теңге/Гкал-дан 503,66 теңге/Гкал-ға ұлғаюына байланысты **86 495 мың теңге сомасына залал шегуге жол берілді.**

Есепті кезеңде жылу энергиясын беру және бөлу жөніндегі қызметті іске асырудан түскен түсім 54 502,1 мың теңгені құрады. Бекітілген қызметтен түсетін түсімнің 16,5%-ға төмендеуіне бекітілгенге қарағанда көрсетілген қызметтердің нақты көлемінің төмендеуі (16,5%-ға) әсер етті.

Электр энергиясын беру және тарату қызметтеріне тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті толығырақ қарастырайық

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік смета	Есептік кезеңге нақыл деректер	Ауытқу, %	Ауытқу себептері
----------	-----------------------	------------------	---------------------------------	---	--------------	------------------

I	Тауарларды өндіруге және қызметтерді көрсетуге жұмсалған шығыстар, барлығы	мың теңге	20 826,9	54 398,7	161,2	БТС-да қаражаттың жетіспеуі
1	Амортизация	-"	670,0	1 672,5	149,6	БТС-да қаражаттың жетіспеуі
2	Өндірістік персоналдың еңбегіне ақы төлеуге жұмсалған шығыстар	-"	15 452,8	43 980,4	184,6	БТС түзетуге байланысты: 2024-2025 жылдарда жүзеге асырылмайтын қызметтің құнын ауыстыру
	соның ішінде					
2.1.	Өндірістік персоналдың еңбекақысы	-"	13 692	38 969	184,6	
2.2.	Әлеуметтік салық	-"	713,3	2 030,3	184,6	
2.3.	Әлеуметтік аударымдар	-"	431,3	1 227,5	184,6	
2.4.	МӘМС	-"	410,8	1 169,1	184,6	
2.5.	ЖМЗЖ	-"	205,4	584,5	184,6	
3	Басқа шығыстар, барлығы, соның ішінде	-"	4 704,1	8 745,7	85,9	БТС-да қаражаттың жетіспеуі
3.1.	күзет қызметтері	-"	3 585,3	7 269,1	102,7	БТС-да қаражаттың жетіспеуі
3.2.	өртке қарсы қорғау қызметтері	-"	995,3	1 353,1	35,9	БТС-да қаражаттың жетіспеуі
3.3.	инвестициялық бағдарламаның орындалуын техникалық сараптау қызметтері	-"	123,5	123,5		
II	Кезең шығыстары, барлығы	-"	110,7	255,6	130,9	БТС-да қаражаттың жетіспеуі
4	Жалпы және әкімшілік, барлығы, соның ішінде	-"	110,7	255,6	130,9	
4.1.	ақпараттық қызметтер	-"	110,7	255,6	130,9	
III	Қызметтерді көрсетуге жұмсалған барлық шығыстар	-"	37 526,2	79 123,9	110,8	БТС-да қаражаттың жетіспеуі
IV	Кіріс (АРБ*ПМ)	-"	1 978	-44 634	-2 356,5	БТС-да қаражаттың жетіспеуі
V	Барлық кірістер	-"	39 504,2	34 490	-12,7	Көлемдердің кемуі
VI	Көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемі	мың кВтс	93 032,6	81 153,023	-12,8	Көлемдердің кемуі
VII	Нормативтік техникалық ысыраптар	мың кВтс	1 023,4	892,7	-12,8	Көлемдердің кемуі
		мың теңге	16 588,6	24 469,6	47,5	Электр энергия құнының өсуі
		%	1,1	1,1		
VIII	Тариф	теңге/кВтс	0,425	0,425		
IX	Қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындар	теңге/кВтс	0,425	0,975	129,6	БТС-да қаражаттың жетіспеуі

2024 жылғы 01 наурыздан 2025 жылғы 28 ақпанға дейінгі кезеңге электр энергиясын беру және тарату қызметіне бекітілген тарифтік смета 37 526,2 мың теңгені құрайды. Нақты шығыстардың жалпы сомасы 79 123,9 мың теңгені, өсім 110,8% құрады.

Бұл бекітілген тарифтік сметада шығыстары «ENERGY SERVICE-PVL» ЖШС-мен шарт бойынша жүзеге асырылған «Электрлік, электр тарату жабдықтарын пайдалану, техникалық қызмет көрсету қызметтері» бабы бар екендігіне байланысты болып отыр. Аталған компания «ПМХЗ» ЖШС-ге жоғарыда аталған қызметтерді ұсына отырып, желілерге қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау үшін қолданылатын қажетті материалдарды, бұйымдарды

сатып алуды, өз жұмыскерлері үшін арнайы киімдер мен еңбекті қорғау материалдарын сатып алуды дербес жүзеге асырды, сондай-ақ өзге де қажетті еңбек жағдайларын қамтамасыз етті.

2023 жылғы 31 қазанда «ENERGY SERVICE-PVL» ЖШС мен «ПМХЗ» ЖШС арасындағы 2021 жылғы 15 сәуірдегі №565649/2021/1 шарт №565649/2023/1-2 бұзу туралы келісіммен бұзылды және де басқа ұйым тарапынан 2023 жылғы қарашадан бастап электрлік, электр-тарату/реттеу жабдықтарына қызмет көрсету жөніндегі қызметтер жүзеге асырылмады. Осылайша 2024 жылы осы бап бойынша шығыстар болмады.

Қазақстан Республикасының экономикасын монополиясыздандыру жөніндегі комиссияның 2023 жылғы 22 ақпандағы тапсырмасын және «ҚМГ» ҰК» АҚ тапсырмасын орындау мақсатында 2023 жылғы 01 қарашадан бастап бұдан бұрын «ENERGY SERVICE-PVL» ЖШС құрылымына кірген «Электрмен жабдықтау» цехы 2023 жылғы 01 қарашадағы «ПМХЗ» ЖШС ұйымдық құрылымын және штаттық кестесін қолданысқа енгізу туралы» № 795-Ө негізгі қызмет бойынша бұйрығына сәйкес электр энергиясын беру қызметтерін көрсетуге тартылған учаскелермен зауыт құрылымына енгізілді.

Цехты «ПМХЗ» ЖШС құрылымына енгізу және зауыт жұмыскерлерінің электрлік, электр-тарату/реттеу жабдықтарына қызмет көрсету жөніндегі функцияларды орындауы аударымдары бар жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеуге жұмсалатын (жалақы, әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар, МӘМС, ЖМЗЖ) шығындарға әкелді, осыған байланысты «ПМХЗ» ЖШС уәкілетті органға 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 33-тармағына сәйкес (ол бойынша тарифті арттырмай БТС-ны өзгертуге қатысты 2024 жылғы 22 қарашадағы №97-НҚ бұйрық бекітілген) тарифті арттырмай, тарифтік сметаны өзгертуге өтініш жібереді.

Бекітілген тарифтік сметаға сәйкес электр энергиясын беру және тарату бойынша қызмет көрсету көлемі 93 032,6 мың кВтс құрайды, есептік кезең үшін қызметті тұтыну көлемі 12,8%-ға кем және 81 153,023 мың кВтс құрады.

Есептік кезең үшін электр энергиясын беру және тарату қызметін өткізуден түскен түсім 34 490 мың теңгені құрады.

«ПМХЗ» ЖШС-нің шығындары қызметтерді тұтынушылар арасында (өзіндік тұтыну және қосалқы тұтынушылар) қызметтерді тұтыну көлемдеріне пропорционалды түрде бөлінеді.

«Амортизация» шығыстар бабы - бекітілген тарифтік сметада 670 мың теңге, нақты амортизациялық аударымдар – 1 672,5 мың теңге. Амортизациялық аударымдардың сомасы тікелей және бірлесіп іске қосылған негізгі құралдарға шығындарды бөлуді ескере отырып, электр энергиясын беру және тарату қызметін көрсетуге тартылған негізгі құралдар негізге алына отырып есептеледі, мұнда тікелей іске қосылғандар толығымен реттелетін қызметке жатады, ал бірлесіп іске қосылғандар - өз тұтынуы мен қосалқы тұтынушылардың көлемдеріне тепе-тең есептеледі.

Нақты амортизациялық аударымдар инвестициялық бағдарлама жобасын қаржыландыру көзі болып табылады.

«Еңбекақы төлеуге кеткен шығыстар»

«Өндірістік персоналдың еңбекақысы. Тарифтік сметада бекітілген сома 13 692 мың теңгені, нақты сомасы - 38 969 мың теңгені құрайды. Ауытқу – 184,6%.

Әлеуметтік салық. Есеп айырысу ҚР Салық Кодексінің 485-бабының негізінде 9,5% мөлшерлемесі бойынша жүргізілді және бекітілген тарифтік сметада 713,3 мың теңгені құрайды. Нақты шығындар 2 030,3 мың теңгені құрады. Ауытқу – 184,6%.

Әлеуметтік аударымдар. Осы бап бойынша есеп айырысу Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII Әлеуметтік Кодексінің 244 және 245-баптары негізінде 3,5% мөлшерлемесі бойынша жүргізіледі және 431,3 мың теңгені құрайды. Нақты шығындар 1 227,5 мың теңгені құрады. Ауытқу – 184,6%.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар. Жұмыс берушілердің төлеуге жататын аударымдарының мөлшері «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы № 405-V ҚР Заңының 27-бабы негізінде есептеледі және аударымдарды есептеу объектісінің 3%-ын құрайды (өндірістік персоналдың жалақысы – жұмыскердің табысы). Осы бап бойынша сома 410,8 мың теңге мөлшерінде бекітілді, нақты шығыстар 1 169,1 мың теңге, ауытқу 184,6% құрады.

Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары. Осы бап бойынша есеп айырысу Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII Әлеуметтік Кодексінің 248 және 251-баптарының негізінде 1,5% мөлшерлемесі бойынша жүргізіледі және 205,4 мың теңге мөлшерінде бекітілді. Нақты шығындар 584,5 мың теңгені, ауытқу 184,6 % құрады.

Осы баптағы ауытқулар түзетілімнің бұрын бекітілген «Электр, электр тарату жабдықтарын пайдалану, техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтер» шығыстар бабының 15 452,8 сомасына жүргізілгендігімен байланысты.

«Күзет қызметтері» - бекітілген тарифтік сметада -3 585,3 мың теңге, нақты шығыстар 7 269,1 мың теңге, өсім 102,7%. БТС-дағы құн 2021 жылы бекітілді және де кейінгі жылдары күзет қызметтерінің құны өсті.

«Өртке қарсы қорғау қызметтері» - бекітілген тарифтік сметада 995,3 мың теңге, нақты шығыстар – 1 353,1 мың теңге, жыл қорытындылары бойынша артық шығын күтілуде (өсім 35,9%). Негіздеме алдыңғы бапқа ұқсас болады.

Өртке қарсы қорғау қызметтері мен күзет қызметтеріне, соның ішінде «ПМХЗ» ЖШС электр желілері объектілері мен қосалқы станцияларын күзетуге жұмсалатын шығыстарды бөлу электр энергиясын беру және тарату қызметін көрсетуге тартылған қорғалатын аумаққа (барлығы 443,3758, жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актіге сәйкес, жер пайдалану құқығының №26612) және алаңға (3,8472 Га) тепе-тең жүзеге асырылады. Содан кейін ақша түріндегі шығындар көрсетілген қызметтердің көлемдеріне тепе-тең бөлінеді.

«Кезең шығындары» - «Ақпараттық қызметтер» шығыстар бабы бойынша бекітілген тарифтік сметадағы сома – 110,7 мың теңге, есептік кезеңдегі нақты шығыстар – 255,6 мың теңге, өсім 130,9%.

«Нормативтік шығындар» шығыстар бабы тұтынылатын энергия көлемінің нақты ысыраптар пайызы негізінде есептелген.

Есепті кезеңдегі нақты техникалық шығындар 892,7 мың кВтсағ. немесе бекітілгені 1,1% болғанда 1,1% және жылдық шығындар көлемі 1023,4 мың кВтсағ. құрады. Жылдар бойынша тарифтік сметада бекітілген нақты нормативтік техникалық шығындар санының төмендеуі көрсетілген қызметтер көлемінің кемуімен байланысты, пайыздық арақатынас сәйкес келеді. Бекітілген тарифтік сметадағы нормативтік шығындарға арналған шығыстар сомасы 16 588,6 мың теңгені құрайды, есепті кезеңдегі нақты сома 24 469,6 мың теңгені құрады, 47,5%-ға өсім электр энергиясы құнының өсуімен байланысты.

Бұл есепте біз реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуын, табиғи монополиялар субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерін қарастырмайтынымызды атап өткен жөн, өйткені «ПМХЗ» ЖШС үшін бұл көрсеткіштер бекітілмеген.

Табиғи монополия саласына жататын қызметтерді көрсетудің негізгі қаржылық-экономикалық нәтижелерін қарастыруға көшейік. Салыстыру үшін біз алдыңғы жылдың және ағымдағы есептік кезеңнің нақты деректерін пайдаланамыз.

мың теңге				
Қаржы нәтижесі	01.03.2023ж.- 29.02.2024ж.	01.03.2023ж.- 29.02.2024ж.	Ауытқу, %	Түсіндірме
Кірістер, барлығы:	90 790	88 992,1	-2%	
соның ішінде				
Электр энергиясын беру және тарату	32 088	34 490,0	7%	Тарифтің артуы
Жылу энергиясын беру және тарату	58 702	54 502,1	-7%	Көлемнің кемуі
Шығыстар, барлығы	309 332	220 121	-29%	
соның ішінде				
Электр энергиясын беру және тарату	166 606	79 124	-53%	Цехтарды зауыттың құрылымына қайтару
Жылу энергиясын беру және тарату	142 726	140 997	-1,2%	
Қаржы нәтижесі	-218 542	-131 129	-40%	
соның ішінде				
Электр энергиясын беру және тарату	-134 518	-44 634	-67%	
Жылу энергиясын беру және тарату	-84 024	-86 495	3%	
Қаржы нәтижесі	2023 жыл	2024 жыл	ауытқу, %	Түсіндірме
Кірістер, барлығы:	57 301,0	77 398,9	35%	
соның ішінде				
Тарату желілері бойынша ауыз су беру	30 580,0	47 478,9	55%	Тарифтің артуы

Тарату желілері бойынша техникалық су беру	16 366,0	18 699,6	14%	Тарифтің артуы
Ағынды су бұру	10 355,0	11 220,4	8%	Тарифтің артуы
Шығыстар, барлығы	107 427	137 640	28%	
соның ішінде				
Тарату желілері бойынша ауыз су беру	54 518	79 405	46%	Қызметтер құнының өсуі
Тарату желілері бойынша техникалық су беру	33 903	42 523	25,4%	
Ағынды су бұру	19 006	15 711	-17,3%	БТС түзету
Қаржы нәтижесі	-50 126	-60 241	20,2%	
соның ішінде				
Тарату желілері бойынша ауыз су беру	-23 938	-31 926	33%	Көлемнің кемуі
Тарату желілері бойынша техникалық су беру	-17 537	-23 824	36%	Көлемнің кемуі
Ағынды су бұру	-8 651	-4 491	-48%	БТС түзету

Өткен жылмен салыстырғанда есептік кезеңде жылу және электр энергиясын беру және бөлу қызметтері бойынша түсімнің (кірістің) ұлғаюына қызметтер көрсетуге тарифтің ұлғаюы әсер етті; шығыстардың азаюына цехтарды зауыт құрылымына қайтару әсер етті.

Табиғи монополия саласына жататын қызметтерді көрсетудің қаржылық нәтижесі

Қызмет түрі	Бекітілген тариф, теңге	Бірлік үшін шығыстар, теңге	(+) / (-)	%
Тарату желілері бойынша ауыз су беру	466,73	567,50	-100,77	21,6
Тарату желілері бойынша техникалық су беру	120,54	255,40	-134,86	111,9
Ағынды суды бұру	185,06	203,78	-18,72	10,1
Жылу энергиясын беру және бөлу	194,69	503,66	-308,97	158,7
Электр энергиясын беру және бөлу	0,425	0,975	-0,55	129,6

Ұсынылатын реттелетін қызметтердің көлемдері туралы ақпарат

Есептік кезеңде «ПМХЗ» ЖШС табиғи монополиялар субъектісі ретінде мынадай қызметтер көлемдерін көрсетті:

Атауы	Барлығы	соның ішінде:			
		«ПМХЗ» ЖШС меншікті қажеттіліктеріне		Қосалқы тұтынушыларға	
		Заттай көрсеткіштерде	Жалпы көлемдегі үлесі, %	Заттай көрсеткіштерде	Жалпы көлемдегі үлесі, %
2024 жылға					
Тарату желілері бойынша шаруашылық ауыз су беру, м³	289 470	149 548	51,7%	139 922	48,3%
Тарату желілері бойынша техникалық су беру, м3	515 452	348 955	67,7%	166 497	32,3%
Ағынды суды бұру, м3	5 022 755	4 945 655	98,5%	77 100	1,5%
2024 жылғы 01 наурыздан 2025 жылғы 28 ақпанға дейінгі кезеңге					
Электр энергиясын беру және бөлу, мың кВтс	553 961	472 808	85,4%	81 153	14,6%
Жылу энергиясын беру және бөлу, Гкал	1 068 009	788 066	73,8%	279 943	26,2%

2024 жылғы 01 наурыздан 2025 жылғы 28 ақпанға дейінгі есептік кезеңдегі қосалқы тұтынушылар бөлінісінде жылу энергиясын беру және тарату қызметін ұсыну көлемін БТС-тағы деректермен салыстыру

№ р/с	Кәсіпорынның атауы	БТС-дағы жоспарлы көлем, Гкал	Нақты көлем, Гкал	Ауытқу, %
1	"Ертіс сервис" ЖШС	103 923	75 912	-27%
2	«Компания Нефтехим LTD» ЖШС	162 557	161 119	-1%
3	"Гелиос" ЖШС	19,5	18	-8%
4	"NFC Kazakhstan" ЖШС	7 000	0	-100%
5	"Эр Ликид Мунай Тех Газы" ЖШС	61 677	42 894	-30%
	Жиыны	335 177	279 943	-16%

Есептік кезеңде қосалқы тұтынушыларға жылу энергиясын беру және тарату қызметін көрсету көлемі 279 943 Гкал-ды құрады, бұл бекітілген тарифтік сметадағы көлеммен салыстырғанда 16%-ға кем.

2024 жылғы 01 наурыздан 2025 жылғы 28 ақпанға дейінгі есептік кезеңдегі қосалқы тұтынушылар бөлінісінде электр энергиясын беру және тарату қызметін ұсыну көлемін БТС-тағы деректермен салыстыру

№ р/с	Кәсіпорынның атауы	БТС-дағы жоспарлы көлем, мың кВт	Нақты көлем, мың кВт	Ауытқу, %
1	«Компания Нефтехим LTD» ЖШС	47 701	41 670	-13%
2	"Эр Ликид Мұнай Тех Газы" ЖШС	23 060	22 256	-3%
3	«Павлодароргсинтез» ЖШС	16 647	14 630	-12%
4	Басқалар	5 625	2 597,0	-54%
	Жиыны	93 032,6	81 153,0	-13%

Бекітілген тарифтік сметаға сәйкес электр энергиясын беру және тарату қызметін көрсету көлемі 93 032,6 мың кВтс құрайды, есептік кезең үшін қызметті тұтыну көлемі 81 153 мың кВтс құрады, бұл бекітілген тарифтік сметаға қарағанда 13%-ға кем.

Реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы

Тұтынушылардың табиғи монополиялар саласына жататын қызметтерге қажеттілігі жыл сайын қызметтер көрсетуге шарттар жасасу кезінде айқындалады. Тұтынушыларға қызметтерге тарифтердің өзгергені туралы уақытылы хабарланады.

Есептік кезеңде 4 тұтынушыға жылу энергиясын беру қызметтері көрсетілді

Қосалқы тұтынушылар бөлінісінде жылу энергиясын беру және тарату қызметін тұтыну құрылымы

№ р/с	Кәсіпорынның атауы	01.03.24ж.- 28.02.25ж. есептік кезеңдегі нақты көлем, мың кВт	Үлес, %
1	«Компания Нефтехим LTD» ЖШС	161 119	57,55%
2	"Ертіс сервис" ЖШС	75 912	27,12%
3	"Эр Ликид Мұнай Тех Газы" ЖШС	42 894	15,32%
4	"Гелиос" ЖШС	18	0,01%
	Жиыны		279 943

Есептік кезеңде электр энергиясының көтерме нарығындағы 4 тұтынушысына электр энергиясын беру қызметтері көрсетілді.

Қосалқы тұтынушылар бөлінісінде электр энергиясын беру және тарату қызметін тұтыну құрылымы

№ р/с	Кәсіпорынның атауы	01.03.24ж.- 28.02.25ж. есептік кезеңдегі нақты көлем, мың кВт	Үлес, %
1	«Компания Нефтехим LTD» ЖШС	41 670,4	51,3%
2	"Эр Ликид Мұнай Тех Газы" ЖШС	22 255,8	27,4%
3	"Павлодароргсинтез" ЖШС	14 629,8	18,0%
4	"ПЭТК" ЖШС	2 597,0	3,2%
	Жиыны	81 153,0	100%

Нақты көлемдер ай сайын «ПМХЗ» ЖШС және қосалқы тұтынушылар тарапынан қол қойылған тұтыну актілерімен расталады.

«ПМХЗ» ЖШС, табиғи монополиялар субъектісі ретінде 2025 жылы зауыт пен қосалқы тұтынушыларды сумен-электрмен және жылумен жабдықтау сенімділігін арттырудың жоспарлы көрсеткіштерін орындау жұмыстарын жалғастырады.

2025 жылғы 24 сәуірдегі жағдай бойынша табиғи монополиялар субъектісі ретінде «ПМХЗ» ЖШС тарифтері туралы ақпарат

Қызметтің атауы	Өлшем бірлігі	Бірлік үшін бағасы, теңге (ҚҚС-сыз)	Енгізу күні
Электр энергиясын беру	Теңге/кВтс	0,425	01.03.2024 - 28.02.2025
		0,432	01.03.2025 - 28.02.2026
Жылу энергиясын беру	Теңге/Гкал	194,69	01.03.2024 - 28.02.2025
		207,31	01.03.2025 - 28.02.2026
Шаруашылық ауыз суын беру	м3	466,73	01.07.2024 - 30.06.2025
Техникалық су беру	м3	120,54	01.07.2024 - 30.06.2025
Ағынды суды бұрып жіберу	м3	185,06	01.08.2024 - 31.07.2025